

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімдерге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қазан N 1584

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасында Экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы жасалсын, сондай-ақ мына келісімдерге қ о л қ о й ы л с ы н :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Экономикалық және қаржылық жолсыздықтарға қарсы күрес, сондай-ақ заңсыз әкетілген валюталық құндылықтарды қайтару саласындағы ынтымақтастық т у р а л ы к е л і с і м ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Әзірбайжан Республикасының азаматтары мен Әзірбайжан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісім;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы авторлық құқық пен аралас құқықтарды қорғау саласындағы ын т ы м а қ т а с т ы қ т у р а л ы к е л і с і м ;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар саласындағы ын т ы м а қ т а с т ы қ т у р а л ы к е л і с і м .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан осы қаулының 1-тармағының 2) 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген келісімдерге қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-Министрі

О қ ы ғ а н д а р :  
Қ о б д а л и е в а Н . М .

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК